# Ūlytau

БЕРЕКЕ – БІРЛІКТЕ!

№46 (6556)

Сенбі

29 қараша

2025 жыл

Газет 1940 жылдан бастап шығады

Аймақтық қоғамдық-саяси апталық


Ауыл шаруашылығы

## «Гүлденсе ауыл – гүлденеді еліміз»



Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ

***Аптаның басында облыс орталығында осындай атаумен ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің форумы өтті. Іс-шара «АгроQazaq: Техника. Өнім. Болашақ» атты көрмені тамашалаудан басталып, ауыл шаруашылығы техникаларының соңғы үлгілері, жергілікті кәсіпкерлердің табиғи өнімдері мен өндірістік жаңалықтары көпшілік назарына ұсынылды. Көрмеге қойылған шағын цехтардың өнімдері, қолөнер бұйымдары мен экологиялық таза тағамдар – өңір кәсіпкерлігінің жаңа бағытта дамып келе жатқанын көрсетеді.***

→ 8-бет

Баспасөз – 2026

## Газет – оқырманымен көрікті

***Аудандық «Ulytau» газеті ұлт ұясы шежіресін 85 жыл бойы тасқа басып, таңбалап келе жатқан аудандағы жалғыз басылым. Келесі жылы да газет мазмұны мен сапасында оқырман үдерісінен шығатындай мәнді жазбалар болмақ.***



Қайрат ЖҰМАБАЙ

Бүгінде аудан оқырмандары өлке жаңалығынан құлақдар болып, кенттер мен ауылдардың қазіргі тағдағы келбеті жайлы жазылған дүниелерді оқуға құштар. Газет жанашырларының да қатары көбеюде. Аудандық «Ulytau» газеті оқырмандар талғамымен үндес басылымға айналды десек, артық айтқандық емес. Тұрғындар тарапынан алдағы жылға баспасөзге жазылуға қолдау білдіріп жатқан азаматтарда бар. Солардың бірі – Қарсақбай кентіндегі ветеринариялық пунктінің меңгерушісі Ержігіт Сәрсенбаев. Ол жылдағы дәстүрінен биылда жаңылмай, өзі бастап, қарамағындағы қызметкерлерінде аудандық «Ulytau» газетіне жаздырды.

Ұлтжанды азамат әр апта сайын арнайы «Ulytau» газетінің редакциясына келіп, Жезді, Қарсақбай кенттері тұрғындарының газеттерін алып-кетіпте жүреді. Ол газет жанашыры ғана емес, ойлы оқырман. Газет бетіне жарияланған мақалаларды да үзбей оқып отырады. Өзінің ой-пікірлерінде айтып жатады. Оның жергілікті басылымға қолдау көрсеткені ілкімді іске зор ынтамен өз үлесін қосқандығы, әрі Ұлытаудың ұлық мәртебесіне көрсеткен құрметі. Осындай игі іске ұйытқы болып жүрген Ержігіт Жұмағалиұлына біздің де айтар алғысымыз шексіз!

Билік пен бұқара

## Жүйелі жұмыс – уақыт талабы

***Ұлытау ауданының әкімі Аманжол Мырзабековтың 2025 жылдың 10 айында атқарған жұмыстары туралы есебі***



Ұлытау ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 4 қарашадағы № 871 қаулысымен бекітілген «Ұлытау облысын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған Кешенді жоспарын» іске асыру шеңберінде атқарылуда.

2025 жылғы 10 айда Ұлытау ауданының әкімдігі ауданының барша халқы, аудандағы өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, шағын кәсіпкерлік салаларында шаруашылық жүргізуші нысандармен бірлесе, аудан экономикасының әлеуетін одан әрі тұрақты дамытуға бағытталған тиісті жұмыстарды жүргізу нәтижесінде Ұлытау ауданының әлеуметтік-экономикалық дамыту салаларында өсімнің оң динамикасы байқалуда және ол аудан экономикасының серпінді дамып келе жатқандығын көрсетеді. Қол жеткізілген негізгі көрсеткіштер төмендегідей қалыптасты:

**Экономика және өнеркәсіп саласы**

Өнеркәсіп өнімінің көлемі – есептік кезеңде 6,4 млрд. теңге орындалды. Айғақты көлем индексі (АКИ) – 162,6% деңгейінде болды.

(2025 жылдық жоспар - 6,9 млрд. теңге, 2024 ж. 10 айда – 3,94 млрд. теңге).

Ауданның өнеркәсіп кешені тау-кен және өңдеу салаларымен ұсынылған. Тау-кен өндіру саласында орта кәсіпорын санатында «Bass Gold» ЖШС, шағын кәсіпорындар құрамында «Нерис» ЖШС, «Қиякты көмір» ЖШС және «Сарыарқа гранит» ЖШС өндіріс кәсіпорындарында 450 адам жұмыс істеуде.

Инвестиция көлемі- есептік кезеңде 27,3 млрд. теңге көлемін құрады (АКИ – 336,6%). (2025 ж. жоспары –15,2млрд.теңге, 2024 ж.10 айда – 8,1млрд. теңге).

→ 3-бет

Аудандық мәслихатта

# Талқыда-өзекті мәселе



Қайрат ЖҰМАБАЙ

***Ұлытау аудандық мәслихатының кезектен тыс XXXVIII сессиясы өтті. Мәслихат төрағасы Ахат Құрмансейітов төрағалық еткен депутаттардың басты жиынына аудан әкімінің міндетін атқарушы Алмаз Қайырбек, аудандық деңгейдегі мекеме-бөлімдер басшылары және БАҚ өкілдері қатысты.***

Кенттер мен ауылдық округтердің әкімдері ZOOM платформасы арқылы бейнебайланыста болды.

Күн тәртібіне «Ұлытау ауданы аумағында бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы» мәселе шығарылып, оған қатысты хабарламаны аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысы Гүлнар Ауғанова жасады. Ол бұл мәселенің маңыздылығын егжей-тегжейлі сипаттап, шартылықтары мен күтілетін нәтижелері туралы толыққанды түсініктеме берді. Осы мәселеге байланысты хабарламаны Ұлытау ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы Жасұлан Мұхамбетовте жасады.

Бұдан кейін депутаттар тарапынан қойылған сауалдарға жауапты тұлғалар тұщымды жауаптар қайтарды.

Сессия барысында арнаулы салық режимі мөлшерлемесін 4 пайыздан -3пайызға төмендету арқылы салық жүктемесін жеңілдету қарастырылды. Сындарлы талқылаудан кейін күн тәртібіне шығарылған мәселеге қатысты оң шешім шығарылды.

Қоғам

# Қызмет алушылардың құқықтары қалпына келтірілді

***Мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру мен азаматтардың құқықтарын қорғау мәселелері Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ұлытау облысы бойынша департаментінің (бұдан әрі – Департамент) ерекше назарында.***



Бұл ретте, Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бақылау жөніндегі уәкілетті орган ретінде Департаментпен облыс көлемінде қызмет алушылардың мүдделерін қорғау, мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру және қызмет көрсету процесін жетілдіру бағытында тұрақты жұмыс жүргізілуде.

Осыған сәйкес, Департамент тарапынан білім саласында көрсетілетін мемлекеттік қызметтер сапасына сыртқы байқау жүргізіліп, нәтижесінде бірқатар бұзушылықтар анықталды.

Бақылау шараларының нәтижесінде «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау», «Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдерді оңалту және әлеуметтік бейімдеу», «Техникалық және кәсіптік білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру» көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге қатысты 404 өтініш бойынша қызмет алушыларға қызмет нәтижесі ұсынылмағандығы анықталды.

Бұл тұста, Департаментпен енгізілген ұсынымдарға сәйкес, 404 қызмет алушылардың бұзылған құқықтары қалпына келтіріліп, қызмет нәтижелері ұсынылды.

Осы орайда, мемлекеттік қызмет алу барысында құқықтарыңыз бұзылған жағдайда Департаментке Жезқазған қаласы, Алаш алаңы 1 ғимаратындағы № 711 кабинетке немесе «Е-Өтініш» ақпараттық жүйесі арқылы жүгінуге болатындығын назарларыңызға жеткіземіз (байланыс телефоны – 8/7102/733270).

**Олжас ЖОЛШЫБЕК,**
**ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ұлытау облысы бойынша департаменті Мемлекеттік қызметтер көрсету басқармасы бас маманының міндетін атқарушы.**

Президент Жолдауы – жаңғыру жолы

# Жолдау – жаңару мен жаңғырудың бастамасы

***Жолдау – мемлекеттің даму бағытын айқындайтын ең маңызды стратегиялық құжат. Әрбір Жолдау елдің бүгінгі міндеттерін нақтылап қана қоймай, ұзақ мерзімді мақсаттарды белгілейтін, қоғамды жаңару мен жаңғыру жолына бастайтын терең мағыналы бағдар болып табылады. Биылғы Жолдаудың мазмұны да жаңа серпінмен, тың көзқараспен ерекшелендіріп отыр.***

Ең алдымен, Жолдау елдің институционалдық дамуына, әлеуметтік әл-ауқатты арттыруға және экономикалық тұрақтылықты күшейтуге бағытталған нақты қадамдарды ұсынады. Бұл – қоғамдағы реформаларды жалғастырудың, жаңа кезеңге өтуге дайындықтың белгісі. Жаңару тек құрылымдық өзгерістермен ғана шектелмейді, ол қоғамның ойлау мәдениетіне, шешім қабылдау деңгейіне, басқару сапасына әсер етеді.

Жаңғырудың басты негіздерінің бірі – экономикадағы тиімділік пен ашықтықты арттыру. Жолдауда ауыл шаруашылығын қолдау, өңдеу өнеркәсібін жандандыру, шағын және орта бизнесті күшейту, инновациялық жобаларды енгізу сияқты басым бағыттардың айқын көрсетілуі – елдің бәсекеге қабілетті болуы үшін жасалған маңызды қадамдар. Бұл өзгерістер әр өңірдің дамуына да жаңа серпін береді, мысалы, Ұлытау облысы сияқты аймақтарда өндіріс, инфрақұрылым, ауыл шаруашылығы салалары қарқынды өзгерістерге жол ашады.

Сондай-ақ, Жолдау адами капиталды нығайтуға ерекше мән береді. Білім беру сапасын арттыру, денсаулық сақтау саласын жетілдіру, әлеуметтік қолдау жүйесін жаңарту – қоғамның тұрақты дамуындағы шешуші факторлар. Бұл бастамалар азаматтардың мүмкіндігін кеңейтіп, қоғамның өз-өзін дамытатын қабілетін арттырады.

Жолдаудағы тағы бір маңызды бағыт – цифрландыру мен технологиялық жаңару. Қазіргі заманның талабы – тиімді, жедел, ашық басқару. Бұл бағыттағы міндеттер мемлекеттік қызмет сапасын көтеріп, экономикалық процестерді жеңілдетеді. Фермерлер үшін цифрлық сервистердің енгізілуі, сала аралық порталдардың дамуы да ауыл шаруашылығының жаңа деңгейге шығуына жол ашады.

Жалпы, Жолдау – жаңару мен жаңғырудың бастамасы ғана емес, елдің дамуына серпін беретін стратегиялық бағдарлама. Ол мемлекет пен қоғамды ортақ мақсаттарға жұмылдырып, өсу мен өркендеу жолын айқындайды. Бұл құжаттағы міндеттердің жүзеге асуы әрбір азаматтың өмір сапасын жақсартып, Қазақстанның жаңа тарихи кезеңге нық қадаммен өтуіне мүмкіндік береді.

**Әубәкір ӘБДІРАХМАНОВ,**
**ардагер-ұстаз.**

# Ұлытау ауданының әкімі Аманжол Мырзабековтың 2025 жылдың 10 айында атқарған жұмыстары туралы есебі

(Соңы. Басы 1-бетте).

**Кәсіпкерлік нысандары**

Тіркелген кәсіпкерлік субъектілері – 1 759 бірлік. Сауда айналымы – 272,3 млн теңге (өсім – 100,0%)

**Инвестициялық жобалар**

«Жезқазған–Қызылорда» автожолын күрделі жөндеуге – 15,5 млрд. теңге инвестициялар тартылды.

«Исмаил» ШҚ – 400 га суармалы жерге 616,5 млн. теңгелік көкөніс және жемшөп өндіру жобасын жүзеге асыруда, жұмыс орындары - 4 адам.

«А. Искаков» ШҚ «5 000 басқа арналған ұсақ мал шаруашылығын (қой шаруашылығы) дамыту» жобасын іске асыруда. Жобаның құны 340,0 млн. теңге, жұмыс орындары - 3 адам. Жоба «Ұлытау» ӘКК мақұлданды.



**Ауыл шаруашылығы саласы**

2025 жылғы 10 айда ауыл шаруашылығы өнімінің жалпы көлемі 10,5млрд. теңге көлемінде орындалды (АКИ – 102,5%).

(2025 ж. жоспары – 16,7 млрд. теңге, 2024 ж. 10 айда –9,8 млрд. теңге)

Аудан бойынша ауыл шаруашылығы техникасы паркін жаңарту бойынша соңғы 3 жылда - 130 техника сатып алынып,техника 8,4% жаңартылды. Аудан бойынша 1537 ауыл шаруашылығы техникасы тіркелген. 2025 жылғы 10 айда 476 млн. теңгеге 48 дана жаңа ауыл шаруашылығы техникасы (25 трактор, 1 комбайн, 22 басқа а.ш.т) сатып алынды. Техникалар «ҚазАгроҚаржы» АҚ, және «Агро Несиелік Корпорациясы» АҚ және «Ауыл аманаты» ӘКК арқылы алынды (2024 жылы - 46 техника (104,3%).

2025 жылғы орылған егістік көлемі 16 780 га құрады. Оның ішінде: Бидай – 15,5 мың. га, Арпа – 1,28 мың. га, Картоп – 53 га, Көкөніс – 12 га.

Дәнді дақылдардың әрбір гектарынан түсімі орташа 12 ц/га. 16 780 га егістіктің барлығы толықтай орылып (100 %), жалпы түскен өнім көлемі – 20 100 тоннаны құрады.

2025 жылы Ұлытау ауданының шаруа қожалықтарына күзгі дала жұмыстарын жүргізу үшін 273,5 тонна арзандатылған 254 тг/л дизель отыны «Petro Retail» ЖШС арқылы бөлінді. Бөлінген дизель отынын ауданның шаруа қожалықтары толықтай алды.

Мемлекет басшысы агроөнеркәсіп кешенін қолдауға айрықша мән беруде. Осының арқасында биыл біздің өңірге де айтарлықтай қолдау көрсетілді. Агроөнеркәсіп субъектілерін субсидиялауға 267,0 млн. теңге бөлініп, шамамен 120 шаруашылыққа нақты көмек көрсетілді.

**«Ауыл аманаты» жобасын іске асыру барысы**

2025 жылғы 10 айда Ауыл шаруашылығының 13 жобалары мақұлданып, 183,4 млн. теңге несиелер берілді. Несиелік қаражаттар АШ техника сатып алу, мал бордақылау, мал сою алаңдарын ашу жұмыстарына бағытталған (2024 жылы осы жоба аясында «Ұлытау» ӘКК тарапынан 1 174,0 млн. теңгеге 139 жобаға несиелер берілді. Оның ішінде 8 жоба бизнестің басқа бағыттарына қаржыландырылды).

Бұл жетістіктер ауданның тұрақты дамуға деген сенімін нығайтады. Өңірдің ішкі өнімін арттыру бағытындағы жұмыстар жалғаса беруде.

**Ауыл шаруашылығы санағы**

2025 жылғы 10 қазанда Ұлытау ауданы бойынша Ұлттық ауыл шаруашылығы санағы толықтай аяқталды. Санақтың орындалуы 100% құрады. Аудан бойынша үй шаруашылықтары бойынша белгіленген жоспар — 2486 бірлік, орындалуы — 100%. Шаруа қожалықтары бойынша жоспар — 1386 бірлік, нақты орындалуы — 100%.

Ауыл шаруашылығы санағы белгіленген мерзімде ұйымдасқан түрде өткізіліп, барлық жоспарланған нысандар толық қамтылды.

**Жер саласы**

Ауыл шаруашылығы мақсатында пайдаланылмай отырған жерлерді мемлекет меншігіне қайтару бойынша 2025 жылы жоспар – 134,0 мың га, бүгінгі күнге орындалысы – 135,7 мың га (101,3%).

• 2023 жылы жоспар – 105,0 мың га, орындалысы – 129,2 мың га (122,98%).

• 2024 жылы жоспар – 60,0 мың га, орындалысы – 72,5 мың га (120,6%).

2023-2025 жыл аралығында мемлекетке пайдаланылмай отырған 337,4 мың га жер қайтарылды.

**Құрылыс жұмыстары, тұрғын үйлер құрылысы саласы**

Есептік кезеңде құрылыс жұмыстарының көлемі 16,7 млрд. теңге көлемінде орындалды (АКИ – 391,1%).

(2025 ж. жоспары – 4,8 млрд. теңге, 2024 ж.10 айда – 4,7 млрд. теңге)

Тұрғын үй салу – 1 928 мың шаршы м² пайдалануға берілді (АКИ – 58,0%). (2025 ж. жоспары –2 482 м2, 2024 ж.10 айда – 3 324 м2).

2025 жылғы 10 айда ауданда 1 қабатты 2 пәтерлі 8 үйдің (16 пәтер) құрылысы жүргізілуде, олар 2025-2026 жылдары сатып алынатын болады. Ағымдағы жылы облигациялық қарыздар есебінен Ұлытау ауданында 10 пәтер сатып алынды.

2026 жылы Жезді кентіндегі 1 қабатты 2 пәтерлі 2 үйді, Қарсақбай кентінде 1 қабатты 2 пәтерлі 2 үйді және аудан орталығында 3 қабатты 32 пәтерлі 1 үйден 32 пәтерді сатып алу жоспарда.

Аудан орталығында 12 бөлмелік қызметтік жатақхана сатып алынып сала мамандарына берілді. Атап айтқанда білім, денсаулық сақтау, полиция,

Ұлытау ауылында жабық бассейн құрылысы жалғасуда. Орындалысы - 64 % жүргізілді. 2026 жылы құрылыс нысанын аяқтау жоспарда.

Ұлытау ауылында ұзындығы 2,1 км. каскадтар жүйесі мен жүргіншілер жолы құрылысы жүргізілуде. Орындалысы - 20 %.

**Денсаулық сақтау саласы**

8 ауылда ФАП құрылысы кезең-кезеңімен іске қосылуда (Қаракеңгір, Алғабас, Сарысу, Мибұлақ, Борсеңгір, Қоскөл, Байқоңыр, Терісаққан).

2025 жылы Қоскөл және Терісаққан ауылдарына жаңа жедел-жәрдем көлігі табыс етілді. Қарсақбай және Борсеңгір ауылдарына да жедел-жәрдем көлігін беру жоспарлануда.

**Спорт саласы**

Жезді кентінде 160 орындық спорт кешенінің құрылыс жұмыстары 100% аяқталды. Бүгінде нысанды қабылдап алуға құжаттар рәсімделуде. Ғимараттың жылу жүйесі іске қосылды.

Терісаққан, Қоскөл ауылдарында спорттық ангар (жабық футбол алаңы) пайдалануға берілді.

Аудан бойынша 4-спорт нысандары, 8-балалар ойын алаңы орнатылды.

**Инфрақұрылым және жолдар**

Сарысу ауылына кірме жол – 21,270 км, бүгінге 17,5 шақырымға асфальт төселді. Жыл соңына дейін 4,5 шақырымына асфальт төсеу жоспарда. Нысанды 2026 жылы толық аяқтау үшін облыстық бюджеттен есебінен қаржы сұранысы берілді.

Сарлық ауылына кірме жол – 10 км, ағымдағы жылы толық асфальт төселді. Нысанды 2026 жылы толық аяқтау үшін облыстық бюджет есебінен қаржы сұранысы берілді.

Борсеңгір ауылына кірме жол – 15 км, 10,0 млн.теңге бөлініп жұмыстар жүргізілуде.

**«Ауыл – Ел бесігі» жобасын іске асыру шеңберінде**

Қарсақбай кенті Болман ақын (0,317 км.), Сатбаев (0,702 км.) көшелерінің көшеаралық жолдарына орташа жөндеу жұмыстары толық аяқталды.

Қарсақбай кентінен темір жол станциясына дейінгі ішкі жолына (2,710 шақырым) орташа жөндеу жұмыстары жүргізілді. 2026 жылы жөндеу жұмыстарын толық аяқтау жоспарда.

Ұлытау ауылының «Рәміздер алаңына» дейінгі (0,25 км.) және Айыртау елді мекеніне дейінгі жолды (5,5 км.) орташа жөндеу жұмыстары 2025-2026 жылдарға жоспарланып биылғы жылға жоспарланған жұмыстар аяқталды. Нысан 2026 жылы толық аяқталу үшін сұраныс берілді.

Сарысу ауылының көшеаралық жолдарының орташа жөндеуі (2,61 км.) толық аяқталды.

**Жұмыс күші тапшы өңірлерге қоныс аудару**

Ұлытау ауданы бойынша 2023–2025 жылдары аралығында «Жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін адамдарды ерікті түрде қоныс аудару» бағдарламасының аясында ауданға оңтүстік өңірлерден 32 отбасы, яғни 134 азамат қоныс аударды.

**Жылу беру маусымына дайындық**

Жылыту жүйесіне қосылуы тиіс нысандар саны – 59 бірлік.

Қажетті көмір көлемі – 24 758 тонна (оның ішінде мекемелерге – 5 825 тонна) бүгінгі күнде көмір тасымалдау жұмыстары аяқталды.

**2026-2028 жылдарға жоспарланған аудан бюджеті**

Ұлытау ауданы бюджетінің 2026-2028 жылдарға жобасы:

2026 жылы – 5 364 385 мың теңге. Салық кодексіне енгізілген өзгерістерге сәйкес, бюджет көлемі 2025 жылмен салыстырғанда 1,2%-ға кеміді (2025 жыл – 6 910 919 мың теңге).

2027 жылы – 5 795 207 мың теңге 2026 жылға қарай 0,2% - ға өсім.

2028 жылы – 6 257 685 мың теңге,2027 жылмен салыстырғанда өсім 0,2%.

I. 2026 жылға арналған ауданның (кент, ауылдық округтерімен қоса алғанда) меншікті кірісінің болжамы - 5 364 385 мың теңге көлемінде есептелген, оның ішінде:

- Салықтық түсімдер – 5 328 240,0 мың теңге,

- салықтық емес түсімдер 31 173,0 мың теңге,

- негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер 4 972,0 мың теңге.

2026 жылға арналған бюджеттің шығыс бөлігі – 6 502 239 мың теңгені құрайды.

2026 жылға жоспарланған кірістер кезінде аудан бюджетінің шығыс бөлігінде тұрақты сипаттағы барлық ағымдағы шығыстар толық көлемде көзделген.

2026 жылға жоспарланған даму бағдарламасын жүзеге асыру бойынша облыстық бюджеттен есебінен қажетті қаражат бөлуге сұраныс берілді. Аудан бойынша 7 инвестициялық жобаны іске асыру жоспарлануда. Оның ішінде:

Ұлытау ауданы Борсеңгір ауылына кіреберістегі 15 км. автокөлік жолына орташа жөндеу жұмыстарын жүргізу.

Ұлытау ауылындағы Иманжан көшесі бойымен ұзындығы 2,1 км өзен жағасында каскадтық жүйе мен автомобиль жолдарын салу және абаттандыру жұмыстарын жасау.

Ұлытау ауылындағы жабық жүзу бассейнінің құрылыс жұмыстарын толық аяқтау.

Пионер, Қоскөл, Сарлық ауылындағы су құбыры желілерін қайта жаңғырту.

Сарысу, Қарсақбай,Сарлық ауылы бойынша жол жөндеу жұмыстарын толық аяқтау.

Аудан бойынша электр желілерін күрделі жөндеуден өткізуді ЖСҚ-ға, жасату және жөндеу жұмыстарын жүргізу.

Ұлытау ауылдық округіндегі «Рәміздер алаңына» дейінгі 0,25 шақырым кірме жолды және Айыртау елді мекеніне дейінгі 5,5 шақырым кіребеіс жолдың орташа жөндеу жұмысын толық аяқтау. Осылайша, 2025 жылғы 10 айда ауданның экономикалық-әлеуметтік дамуында айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізілді.

Ағымдағы жылдың соңына дейін және алдағы уақытта ауданның барлық кенттер мен ауылдық округтер әкімдері елді мекендерінің әлеуметтік-экономикалық әлеуеттерін барынша пайдаланып, халықтың әл-ауқатын көтеруге септігін тигізетін жаңа жұмыс орындарын құру үшін инвестициялар тарту, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығындағы кәсіпкерліктің мүмкіндіктерін барынша қолдану, құрылыс саласын дамыту, қоғамдық тәртіпті күшейту, бюджеттік қаражаттарды игеру бағытында мардымды жұмыстар жүргізу талап етіледі.

Қазақстан кәсіподағы қозғалысына – 120 жыл

# Әлеуметтік әділеттілік пен еңбек адамы мүддесінің арқауы

***Мемлекетіміздің ең басты құндылығы – адам, оның құқықтары мен бостандығы екені Ата Заңымызда айқын жазылған. Ал осы құндылықтардың толыққанды қорғалуы жолында ел игілігі үшін үнсіз, бірақ табанды еңбек етіп келе жатқан ұйымдардың бірі – кәсіптік одақтар. Олар қоғамдағы әлеуметтік тепе-теңдіктің, еңбек адамының қорғаны мен сенімді тірегінің міндетін атқарып келеді.***



Кәсіподақтар идеясы дүниеге кеше ғана келген жоқ. Оның тарихи тамыры Батыс Еуропаның индустриялық дәуірімен тұспа-тұс келеді. Германия мен Еуропаның өзге елдеріндегі XIX ғасырдың 30–40 жылдарында құрылған алғашқы жұмысшы қауымдастықтары еңбек жағдайын жақсарту, әділ жалақы талап ету, жұмыс уақытын реттеу, тұрмыс пен мәдени мұқтаждарды өтеу мақсатында ұйымдасты.

Бұл ұйымдар тек экономикалық емес, саяси күшке айналып, дамыған елдерде XIX ғасырдың аяғында заңдастырылды. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, кәсіподақ – қоғам дамуының өлшеусіз маңызды тетігі.

Қазақстандағы кәсіподақ тарихының бастауы туралы айтқанда, көпшілік оны кеңес дәуірінің «өнімі» деп қабылдайды. Алайда тарихи деректер олай емес екенін көрсетеді. XX ғасырдың басы – қазақ жерінде өндірістік қатынастар нығая бастаған кезең. Жұмысшылардың өз құқықтарын қорғауға деген талпынысы да сол уақытта күрт күшейді. 1905 жылдың 6 желтоқсанында қазіргі Қарағанды облысы аумағында орналасқан Өспен мыс кеніші жұмысшылары алғашқы ресми кәсіподақ ұйымын құрды. Бұл – Қазақстан кәсіподақ қозғалысының да бастау алған тарихи күні.

Өспен кенішіндегі жұмысшылардың одағы – отарлық биліктің қысымына қарамастан, әділдік жолында біріккен еңбек адамдарының тарихи ерлігі еді. Бұл оқиға жұмысшылардың саналы түрде қоғамдағы өз орнын сезініп, құқықтық күреске шығуының алғашқы белгісі болатын.

Кәсіподақ саласында жиырма жылдай қызмет етіп келе жатқандықтан, ұйым жұмысын бұрынғы және қазіргі кезең тұрғысынан салыстыра қарауға толық негіз бар. Кеңес заманындағы жағдайды еске түсірсек меншік – мемлекетке тиесілі; жұмыс беруші – бір ғана құрылым; барлық ауыл шаруашылығы саласында совхоз бен колхоз жетекшісінің сөзі үстем болды; кәсіподақ көбіне әлеуметтік-тұрмыстық мәселелерді шешумен айналысты.

Ал қазіргі ахуал мүлде басқа. Нарықтық экономика қалыптасты, меншік формалары өзгерді, жұмыс берушілер саны артты. Осындай жағдайда жұмыскер мен жұмыс берушінің арасындағы қатынас күрделене түсті. Сол себепті: еңбек келісімшарттарының дұрыс жасалуы, ұжымдық шарттардың толыққанды орындалуы, әлеуметтік әріптестіктің заңды тетіктері бұрынғыдан да өзекті.

Еңбек нарығында сауатты жұмыс беруші де, өз құқығын білетін жұмыскер де қалыптасып келеді. Бұл — ел дамуымен бірге кәсіподақ мәдениетінің де жетіліп жатқанын көрсетеді. Кәсіподақ ұйымдарының басты мақсаты – еңбек адамының әлеуметтік-экономикалық мүддесін заң аясында қорғау. Олар: жұмыс берушілермен, аймақтық әкімдікпен, еңбек инспекциясымен бірлесе отырып үшжақты келісім жасайды. Бұл келісімдер еңбек қатынастарындағы тұрақтылықты, әлеуметтік әділеттілікті және еңбек дауларының бейбіт шешілуін қамтамасыз етеді. Кәсіподақтың қағидаты – қақтығыссыз диалог, дау-дамайсыз келісім. Бұл – тоқсан жылдық тарихтан бері сақталып келе жатқан құндылық.

Бүгінде мемлекет ауыл шаруашылығындағы еңбеккерлердің, әсіресе малшылардың зейнеткерлік жасын төмендету мәселесін көтеріп отыр. Бұл — еңбек ерекшелігі мен ауырлығын ескерген жағдайда аса маңызды қадам. Сала ұйымдары тарапынан нақты ұсыныстар беріліп, Үкімет пен Парламент деңгейінде талқылаулар жүргізілуде. Сонымен қатар, «Кәсіптік одақтар туралы» заңға өзгерістер енгізу де өзекті болып тұр. 2024 жылдың бірінші тоқсанында басталуы тиіс бұл реформа еңбекші қауым күтіп отырған үлкен жаңашылдық болмақ. Ұжымдық шарт мәдениетін қалыптастыру, жұмыс орындарындағы қауіпсіздік стандарттарын жетілдіру, қызметкерлердің құқықтық сауатын арттыру – кәсіподақ алдында тұрған басты міндеттердің бірі.

Қазақстан кәсіподақтары – елдегі әлеуметтік әділеттілік пен еңбек адамының құқығын қорғаудың негізгі табанды күші. 120 жылдық тарих – тек шежіре емес, халық сенімін арқалаған жауапкершілік, еліміздің еңбек саласын дамытуға бағытталған стратегиялық міндеттердің негізі. Бүгінгі кәсіподақтар: қоғамдағы тұрақтылықтың, еңбек адамын қорғаудың, әлеуметтік әділеттіліктің шынайы тірегіне айналып келеді.

Қорыта айтқанда, ел дамуының темірқазығы – еңбек адамы. Ал еңбек адамының жанашыры – кәсіподақ. 120 жылдық тарих – осы сенімнің, бірліктің, әділет жолындағы қажымас күрестің көрінісі. Алдымызда атқарар жұмыстар аз емес: құқықтық сауаттылықты арттыру, жұмыс берушімен тиімді диалог орнату, ұжымдық шарттарды жандандыру, әлеуметтік әріптестікті дамыту. Ең бастысы – кәсіподақ қозғалысын жаңа тарихи белеске шығару міндеті.

**Шаяхмет ҮМБЕТОВ,**
**«Ауыл шаруашылығы қызметкерлеріні салалық кәсіптік одағы» ҚБ Ұлытау облысы бойынша өкілі.**

Қоғам

# Жасанды интеллект: Дипфейк дәуірінің жаңа қауіптері

***Жасанды интеллект технологиялары адамзат тіршілігінің барлық саласына дендеп енген сайын оның мүмкіндіктері ғана емес, келтіретін қауіптері де айқындала түсуде. Соңғы жылдары әлемдік қауымдастықты алаңдатып отырған негізгі қатердің бірі – дипфейк. Бір қарағанда, ойын-сауық мақсатында пайда болған бұл құбылыс бүгінде ақпараттық кеңістікті жаппай улаған, қоғамның сенім жүйесін шайқалтып тұрған құбылысқа айналды.***

**Дипфейк деген не және ол неге қауіпті?**

Дипфейк – жасанды интеллекттің көмегімен жасалған жалған бейне, аудио немесе фото. Технология адамның дауысын көшіріп, бет-әлпетін дәл салып, сөйлеу мәнерін айнытпай жеткізе алады. Бірнеше жыл бұрын мұндай өнімдер дөрекі монтаждан алысқа бара алмайтын. Ал қазір шынайы адамнан ажырату қиын бейнелерді небәрі смартфон қосымшаларының өзінде жасап шығуға болады.

Target Information Security компаниясының директоры, ақпараттық қауіпсіздік аудиторы Лаура Тлепина inbusiness.kz-ке берген сұхбатында қазіргі жағдайды келесідей сипаттайды: дипфейктерді тану күннен-күнге күрделеніп барады, себебі жаңа генерациялау алгоритмдері бақылаушы құралдардан озып кетуде.

Сарапшының айтуынша, бұрын жасанды роликтердегі бет шекараларындағы бұзылыстар, ерін қимылының сәйкес келмеуі, жарықтың дұрыс түспеуі сияқты белгілер байқалатын. Ал жаңа үлгілерде мұндай ақаулар жоқтың қасы. Мұндай контентті айқындау үшін кәсіби детекторлар немесе сарапшылар талдауы талап етіледі.

**Ақпараттық сенімге бағытталған соққы**

Дипфейктің негізгі қауіптілігі – оның шындыққа ұқсайтын жалған ақпарат тарата алуы. Егер желіде белгілі тұлғаның жалған мәлімдемесі тараса, ол қоғамды шатастырып қана қоймайды, саяси процестерге де ықпал етуі мүмкін.

Лаура Тлепинаның айтуынша, мәселе тек жалған роликтің таралуында емес. Бұл құбылыс шынайы ақпараттың да беделіне сызат түсіреді. Кез келген видеоға «бұл дипфейк» деп күмәнмен қарау дәстүрге айналуы мүмкін. Бұл – қоғам үшін аса қауіпті үрдіс.

Демек, дипфейк тек жалғандықты көбейтпейді, ол шынайылық ұғымының өзін жоққа шығаруы мүмкін.

**Арандатушылар, алаяқтар және жаңа қылмыстар**

Технология кең қолжетімді болған сайын оның қолданушылары да көбейіп жатыр. Бүгінде интернетте дипфейк жасауға арналған ондаған тегін немесе арзан сервис бар. Бұл — алаяқтар үшін таптырмас құрал. 2025 жылы Қазақстанда бірқатар танымал тұлғалардың жасанды видеолары тарағаны белгілі. Көпшілігі мұны шын деп қабылдап, жалған ақпарат бір күн ішінде елге кең тарап үлгерген. Сарапшылар мұндай контенттің артында нақты адамдар мен ұйымдасқан топтар тұруы мүмкін екенін айтады. Сондықтан дипфейк жасау мен таратуды қылмыстық жауапкершілікке тарту мәселесі күн тәртібінде тұр.

Қазір Қазақстанда дипфейк толыққанды кең таралды деп айту қиын. Көбінесе қоғамды шатастыратын жалған ақпараттар фотомонтаж, фейк сайт немесе жалған аккаунттар арқылы жасалады. Ал күрделі AI-генерацияланған бейнелер әлі сирек.

Дегенмен, әлемдік трендтерді ескере отырып, еліміз бұл мәселеге алдын ала назар аудара бастады. Әсіресе, ақпараттық сауаттылық пен цифрлық қауіпсіздік мәдениетін арттыру маңызды. Сарапшылар мектеп оқушыларынан бастап, мемлекеттік қызметкерлерге дейін арнайы бағдарламалар енгізуді ұсынады.

**Заңдық шаралар: Қазақстан дипфейкке қарсы қандай қадам жасады?**

17 қарашада Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Жасанды интеллект туралы» заңға қол қойды. Бұл құжатта жасанды интеллекттің құқықтық базасы алғаш рет жүйеленді және қауіпті категориядағы ЖИ түрлерін пайдалануға бірқатар шектеулер енгізілді.

Ақорда таратқан мәліметке сәйкес, Қазақстан аумағында: тұлғаның түп саналығын бұзатын, манипуляция жасайтын, жеке деректерді заңсыз жинайтын және өңдейтін жасанды интеллект жүйелерін қолдануға тыйым салынады.

Осыған дейін Сенат төрағасы Мәулен Әшімбаев дипфейк жасаушыларды қылмыстық жауапкершілікке тарту қажеттігін ашық айтқан еді. "Жалған контенттің артында нақты адамдар тұр. Егер қоғамда тәртіп орнасын десек, мұндай әрекетке қатаң жауапкершілік қажет", – деген болатын ол.

**Қайда бара жатырмыз?**

Жасанды интеллект — адамзат дамуының жаңа кезеңін ашқан құбылыс. Бірақ оның көлеңкелі тұстары еленбесе, ақпараттық тұрақтылығы үшін күрделі қауіпке айналуы мүмкін. Дипфейк — соның ең өткір мысалы. Келешекте ақпаратқа сенім төмендеу, саясаттағы манипуляциялар, тұлғалардың беделіне шабуыл, экономикалық алаяқтық, ұлттық қауіпсіздікке қатер сияқты мәселелер ушығуы мүмкін. Сондықтан Қазақстан үшін де, әлем үшін де басты міндет — технологияны тоқтату емес, оның қауіптерін тану, бақылау және реттеу. Қоғамдық иммунитет қалыптастыру — ақпараттық сауаттылықтан, құқықтық база мен технологиялық қорғаныс құралдарынан басталады.

**Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ.**
**inbusiness.kz деректері негізінде дайындалды.**

## Жергілікті «Ұлытау» газетінің 2025 жылғы 27 қыркүйектегі №37 (6547) санды «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру бойынша конкурсын» өткізу туралы жарияланған ақпараттық хабарламаға сәйкес 18.11.2025 жылғы конкурстың жеңімпаздарын хабарлаймыз:

№1 лот. Егінді с/о, Егінді ауылынан солтүстік шығысқа қарай 37 км жерде 2578,0 га, оның ішінде: жайылым-2530,0 га, басқа алқаптар-45,0 га, жалға беру мерзімі 49 жыл.

Осы жер телімі бойынша конкурстың жеңімпазы болып Бижигитов Аяжан Онконысович белгіленсін.

№2 лот. Босалқы жер, Қоскөл ауылынан оңтүстік батысқа қарай 97 км жерде 6000,0 га, оның ішінде: жайылым-5970,0 га, басқа алқаптар-30,0 га, жалға беру мерзімі 49 жыл.

Осы жер телімі бойынша конкурстың жеңімпазы болып Жумашев Мейрамбек Тогусович белгіленсін.

№3 лот. Қаракеңгір с/о, Бозтұмсық ауылынан оңтүстік шығысқа қарай 23 км жерде 1966,0 га, оның ішінде: жайылым-1960,0 га, басқа алқаптар- 6,0 га, жалға беру мерзімі 49 жыл.

Осы жер телімі бойынша конкурстың жеңімпазы болып Курманкалиева Кулсин Мырзахановна белгіленсін.

№4 лот. Шеңбер с/о жерлері, Қорғасын ауылынан шығысқа қарай 26 км жерде 310,0 га, оның ішінде: шабындық-17,0 га, жайылым- 291,0 га, басқа алқаптар -2,0 га, жалға беру мерзімі 49 жыл.

Осы жер телімі бойынша конкурстың жеңімпазы болып Ескенов Жалын Амиралинович белгіленсін.

№5 лот. Қоскөл с/о жерлері,Қоскөл ауылынан оңтүстік батысқа қарай 37 км жерде 1544,0 га, оның ішінде: жайылым-1542,0 га, басқа алқаптар-2,0 га, жалға беру мерзімі 49 жыл.

Осы жер телімі бойынша конкурстың жеңімпазы болып Алмаганбетов Жарасбек Калкаманович белгіленсін.

№6 лот. Сарысу с/о, Жыланды ауылынан оңтүстік батысқа қарай 31 км жерде 56,0 га, оның ішінде: шабындық-48,0 га, жайылым- 7,0 га, басқа алқаптар – 1,0 га, жалға беру мерзімі 49 жыл.

Осы жер телімі бойынша конкурстың жеңімпазы болып Мырзабек Ғабиден Темірғалиұлы белгіленсін.

№7 лот. Қоскөл с/о жерлері, Қоскөл ауылынан солтүстік батысқа қарай 18 км жерде 1919,0 га, оның ішінде: жайылым-1901,0 га, басқа алқаптар-18,0 га, жалға беру мерзімі 49 жыл.

Осы жер телімі бойынша конкурстың жеңімпазы болып Түркебай Ернар Жұмабайұлы белгіленсін.

№8 лот. Босалқы жерлер, Мибұлақ ауылынан батысқа қарай 57 км жерде 3460,0 га, оның ішінде: жайылым-3453,0 га, басқа алқаптар-7,0 га, жалға беру мерзімі 49 жыл.

Осы жер телімі бойынша конкурстың жеңімпазы болып Көпбергенов Сиябек Бақантайұлы белгіленсін.

№9 лот. Мибұлақ с/о жерлері, Мибұлақ ауылынан солтүстік шығысқа қарай 24 км жерде 2584,0 га, оның ішінде: жайылым-2581,0 га, басқа алқаптар- 3,0 га, жалға беру мерзімі 49 жыл.

Осы жер телімі бойынша конкурстың жеңімпазы болып Акжамбаев Жеделбай Ермекбаевич белгіленсін.

№10 лот. Шеңбер с/о жерлері, Қорғасын ауылынан солтүстік шығысқа қарай 40 км жерде 552,0 га, оның ішінде: жайылым-550,0 га, басқа алқаптар-2,0 га, жалға беру мерзімі 49 жыл.

Осы жер телімі бойынша конкурстың жеңімпазы болып Жукебаев Алмат Отаубаевич белгіленсін.

№11 лот. Борсеңгір с/о, Борсеңгір ауылынан батысқа қарай 18 км жерде 1262,0 га, оның ішінде: жайылым - 1261,0 га, басқа алқаптар - 1,0 га, жалға беру мерзімі 49 жыл.

Осы жер телімі бойынша конкурстың жеңімпазы болып Каримбеков Ернар Бахытович белгіленсін.

№12 лот. Босалқы жер, Қоскөл ауылынан оңтүстікке қарай 37 км жерде 2262,0 га, оның ішінде: жайылым-2259,0 га, басқа алқаптар-3,0 га, жалға беру мерзімі 49 жыл.

Осы жер телімі бойынша конкурстың жеңімпазы болып Абилов Мадияр Газизович белгіленсін.

№13 лот. Сарысу с/о, Жыланды ауылынан солтүстік батысқа қарай 24 км жерде 889,0 га, оның ішінде: жайылым-887,0 га, басқа алқаптар-2,0 га, жалға беру мерзімі 49 жыл.

Осы жер телімі бойынша конкурстық өтініш түспегендіктен конкурс өткізілмеді

№14 лот. Алғабас с/о, Бетбұлақ ауылынан солтүстік батысқа қарай 18 км жерде 2375,0 га, оның ішінде: жайылым-2370,0 га, басқа алқаптар-5,0 га, жалға беру мерзімі 49 жыл.

Осы жер телімі бойынша конкурстың жеңімпазы болып Казыбаев Ернар Кенгирбаевич белгіленсін.

№15 лот. Алғабас с/о, Бетбұлақ ауылынан оңтүстік шығысқа қарай 18 км жерде 1112,0 га, оның ішінде: жайылым-1109,0 га, басқа алқаптар-3,0 га, жалға беру мерзімі 49 жыл.

Осы жер телімі бойынша конкурстың жеңімпазы болып Байкенжин Сабырбай Ермаганбетович белгіленсін.

№16 лот. Егінді с/о, Егінді ауылынан солтүстік шығысқа қарай 9 км жерде 1453,0 га, оның ішінде: жайылым-1451,0 га, басқа алқаптар-2,0 га, жалға беру мерзімі 49 жыл.

Осы жер телімі бойынша конкурстың жеңімпазы болып Жуматов Ерканат Шегирович белгіленсін.

№17 лот. Қарсақбай к/о жерлері, Қарсақбай кентінен солтүстік батысқа қарай 21 км жерде 3173,0 га, оның ішінде: жайылым- 3163,0 га, басқа алқаптар-10,0 га, жалға беру мерзімі 49 жыл.

Осы жер телімі бойынша конкурстың жеңімпазы болып Тілепбай Сырым Серікұлы белгіленсін.

№18 лот. Қарсақбай к/о жерлері, Қарсақбай кентінен оңтүстік шығысқа қарай 40 км жерде 3074,0 га, оның ішінде: жайылым-3070,0 га, басқа алқаптар-4,0 га, жалға беру мерзімі 49 жыл.

Осы жер телімі бойынша конкурстық өтініш түспегендіктен конкурс өткізілмеді.

№19 лот. Мибұлақ с/о жерлері, Мибұлақ ауылынан солтүстік батысқа қарай 41 км жерде 1041,0 га, оның ішінде: жайылым- 987,0 га, басқа алқаптар - 54,0 га, жалға беру мерзімі 49 жыл.

Осы жер телімі бойынша конкурстық өтініш түспегендіктен конкурс өткізілмеді.

№20 лот. Шеңбер с/о жерлері, Қорғасын ауылынан солтүстік шығысқа қарай 25 км жерде 1929,0 га, оның ішінде: жайылым-1924,0 га, басқа алқаптар-5,0 га, жалға беру мерзімі 49 жыл.

Осы жер телімі бойынша конкурстың жеңімпазы болып Шамкенов Каскырбай Сейткалиевич белгіленсін.

№21 лот. Ұлытау ауданының босалқы жерлері, Мибұлақ селосынан оңтүстік батысқа қарай 100 км жерде 5959,0743 га, оның ішінде: жайылым-5950,0 га, басқа алқаптар-9,0743 га, жалға беру мерзімі 49 жыл.

Осы жер телімі бойынша конкурстың жеңімпазы болып Оспанова Гуляаим Хамзеновна белгіленсін.

